

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім
беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК директорының 2014 жылғы
«___» _____ №___
бұйрығымен бекітілген

“Менің Отаным - Қазақстан” туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетін өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. “Менің Отаным - Қазақстан” туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетін (бұдан әрі - Слет) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Слеттің мақсаты:

экспедициялық жасақтардың туристік-өлкетану жұмысын дамыту арқылы өз туған өлкесін кешенді зерттеу барысында оқушылардың азаматтық және отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу.

Міндеттері:

балаларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасын меңгеруге тәрбиелеу;

білім алушылардың ізденушілік-зерттеушілік әрекетіндегі дағдыларын жетілдіру;

«Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану экспедициясынан ең үздік экспедициялық топтарды іріктеу;

білім алушылармен туристік-өлкетану жұмыс жасаудың дәстүрлі және инновациялық әдістері мен нысандарын сақтау және жетілдіру;

«Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану экспедициясының бағыттары бойынша қызметтің мазмұнын әрі қарай жетілдіру;

республикамыздың туристік-өлкетану бағытында жұмыс жасайтын бірлестіктердің озық тәжірибелерін тарату.

3. Республикалық слетті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.

4. Республикалық слетті дайындау және өткізу бойынша жұмысты үйлестіру және іске асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

2. Слетті өткізудің уақыты және орны

5. Слет 2014 жылғы 13-15 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында өткізіледі. Келу уақыты - 12 мамыр, кері қайту мерзімі - 16 мамыр.

6. Қатысушылардың тізімдері облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармасы бастығының қолы қойылған өтінім 2014 жылғы 28 сәуірге дейін мына мекен-жайға жолдануы тиіс: 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, факс: 8-7172-445342, тел: 8-7172-445341, E-mail: nt_ekotur@mail.ru

Өтінімде қатысушылардың фамилиясы, аты-жөні, сыныбы, білім беру мекемесі, «Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану слетінің бағыты бойынша жұмыстың тақырыбы, топ жетекшісінің аты-жөні, қызметі көрсетілуі тиіс.

3. Слетке қатысушылар

7. Слетке өңірлік «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясының жеңімпаз-командалары жіберіледі.

8. Әрбір облыс, Астана және Алматы қалалары командаларының сандық құрамы - жеті адам: алты білім алушы (қыз балалардың саны 2-ден кем емес) және қосымша білім беру немесе жалпы орта білім беру ұйымынан бір педагог-жетекші. Қатысушылардың жасы 14-17 жас аралығында болуы тиіс.

9. Команда жетекшісі қатысушылардың республикалық слет өтетін жерге дейін, өтетін жерінде және кері қайту жолында қауіпсіздігі мен өміріне жауапты.

4. Өткізу тәртібі

10. Республикалық слет екі кезеңде өткізіледі:

бірінші кезең (іріктеу) - облыстарда, Астана және Алматы қалаларында. Бірінші кезеңнің нәтижесі бойынша өңірлік слеттің жеңімпаз командалары анықталады;

екінші кезең (қорытынды) - республикалық.

11. Слеттің бірінші кезеңін өткізу мерзімі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының бұйрығымен анықталады.

12. Екінші кезең (қорытынды) 2014 жылғы 13-15 мамырда өткізіледі.

13. Слетке қатысушы команданың жетекшісі ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

1) Слетке қатысу туралы облыстар, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының бұйрықтарының көшірмелері;

2) қатысушылар туралы мәлімет (аты-жөні, туған жылы, сыныбы, оқу орны мен білім беру ұйымының мекен-жайы, тұрғын мекен-жайы, телефон,

номинация, жұмыс атауы, жетекшісінің аты-жөні, жұмыс орны, қызметі, байланыс телефонының нөмірі);

- 3) медициналық анықтама;
- 4) жеке куәлігі немесе туу туралы куәлігі;
- 5) топ жетекшісінің іс сапар куәлігі.

5. Өткізу шарттары

14. Слетке қатысушы әрбір экспедициялық жасақ:
экспедиция нәтижесінде орындалған зерттеу жұмысының мәтінін;
экспедицияның дала күнделігінің электрондық нұсқасын (презентация MS Power Point);

жасақ туралы ақпарат және тізімі, экспедициялық жасақ қызметінің есебі;

экспедиция жылнамасы А3 форматтағы 2 парақшада ұсынылуы тиіс.

15. Ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды.

16. Слеттің бағдарламасы:

1) «Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану экспедициясының экспедициялық жасақтарының презентациясы;

2) «Жас өлкетанушы-зерттеуші» байқауы;

3) «Экспедицияның дала күнделігін» қорғау байқауы;

4) «Кедергілі алқап» ара қашықтық бойынша сайыс;

5) өлкетанудағы бақылау-туристік жол бағдар бойынша сайыс (Кросс-жорық);

6) «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану экспедиция жылнамасын толтыру.

17. Әрбір жасақ үшін жоғарыда аталған номинациялар бойынша шығармашылық жобаларды орындау міндетті.

18. Слетте әр жасақтың біркелкі спорттық формалары мен туристік құралдары болуы тиіс.

19. Жаяу жүру туризмі сайысына қатысу үшін міндетті түрде келесі құралдар қажет:

жеке жабдықтар (әрбір қатысушыға): байлауға арналған орама, қоршау және негізгі арқаннан жасалған 2 “қылқан”, қолғаптар, шаппалы құрылғы, 2-3 дана карабин;

топтық жабдықтар: 25-30 дана карабин, 3x40 метрлік негізгі арқан, қоршаулар, айырмалы жіп, фал немесе зембілге арналған айырмалы жіп, карта сызу үшін қажетті құралдар, 2-3 дана компас. Басқа құралдарды жасақ өз қалауы бойынша жабдықтайды.

20. Экспедициялық жасақтың презентациясына қойылатын талаптар.

Экспедициялық жасақтың презентациясы (атауы, ұраны, экспедицияның мақсаты, экспедицияға қатысушылардың табиғат қорғаудағы іс-шаралары, нәтижесі, бейнематериалдар және т.б).

21. Бағалау критерийлері: 2012-2013 жылдардағы экспедициялық топтың жұмысын айқындайтын презентация мазмұны, киімі, туы, топ белгісі болуы қажет.

22. «Жас өлкетанушылар-зерттеушілер» байқауына қойылатын талаптар.

Байқауда жас өлкетанушылардың экспедиция кезінде жинаған экспонаттарын зерттеу жұмысын қорғау барысында қолдану қарастырылады. Бұл этнографиялық, археологиялық экспонаттар, құжаттың түпнұсқасы, фольклорлық жазбалар және т.б. болуы мүмкін. Қорғау презентация түрінде жүргізіледі. Екі автордан көп болмауы тиіс.

Ұсынылған өлкетану зерттеулерде өзіндік тәжірибенің болуы тиіс. Зерттеу жұмысының тақырыбы экспедицияның нәтижесі бойынша таңдалады.

Зерттеу жұмыстарында әртүрлі экспонаттар - экспедиция кезінде табылған мұрағат құжаттары, киімдер, кітаптар, суреттер және т.б. қолданылуы мүмкін. Қорғау уақыты: 7-10 минут. Екі автордан артық жіберілмейді.

Топтар өзімен бірге планшет немесе басқа да көрнекілік материалдарды алып келуі тиіс. Түпнұсқалы, құнды материалдарды (мұражайлық, мұрағаттық және т.б) алып келу міндетті емес. Керекті материалдардың көшірмелерін қолдануға болады.

Автор зерттеу тақырыбын таңдауда оның өзектілігін көрсету, зерттеу мәселесіндегі өзінің қосқан үлесі, зерттеу көздері мен әдістеріне сипаттама беріп, жұмыстың мазмұнын қысқаша баяндау керек. Қорғалған әрбір жұмыстан кейін пікірталас жүргізіледі. Қазылар алқасы автордың берген жауабына ғана емес, сондай-ақ, диалог жүргізу және ойлау қабілетін ескереді.

Зерттеу жұмысының көлемі - компьютерлік терілімі 10 парақтан аспауы керек. (12 шрифтен кем емес, интервал - 1,5). Қосымша мағлұмат 10 парақтан аспауы тиіс. Алынған материалға сілтеме жалпы жұмыс көлеміне кірмейді.

Алғашқы бетінде (жалпы көлемге кірмейді) тақырыбы, автордың фамилиясы және аты-жөні (толығымен), сыныбы, білім беру ұйымы, бірлестігі, тұрғылықты орны, ауданы, облысы көрсетіледі. Ғылыми жоба жетекшісінің фамилиясы, аты-жөні (толығымен), жұмыс орны, қызметі жазылады.

Слетте ұсынылған жұмыстар келесі критерийлер бойынша бағаланады: өзектілігі, алынған нәтижесінің жаңалылығы, мәселені шешу деңгейі, жұмыстың экспедиция талабына сай келуі.

Ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және кері қайтарылмайды.

23. «Экспедицияның дала күнделігі» байқауына қойылатын талаптар (қорғау уақыты 7-10 минут).

Экспедицияға қатысушылар дала күнделіктерін MS Power Point форматтағы презентация бойынша қорғайды.

Дала күнделігінің құрылымдық үлгісі:

экспедициялық жасақтың тізімі мен қатысушылар туралы мәлімет;

экспедицияның зерттеу нысанасы бойынша жолбағдар картасы;

оқиғалар мен кездесу күндері бойынша жазбалар;

құнды экспонаттардың фотосуреттері мен сипаттамасы;
экспедицияның нәтижесі.

24. «Кедергілі алқап» ара қашықтық сайысына қойылатын талаптар.

4 адамнан құрылған жасақ төрешілердің келісімі бойынша табиғи және жасанды бөгеттермен жабдықталған қозғалысты, қысқа қашықтықтан өтеді. Қарастырылуы мүмкін кезеңдер: жармен көтерілу және төмен түсу, тау шыңдарын төтелеп жүру, аспалы өткел, арқан бойынша бір биіктіктен екіншіге өту, суды кешіп өту, төмпешіктер арқылы өту, шатыр құру және т.б.

25. Өлкетану бақылау-туристік жол бағдары бойынша сайысқа қойылатын талаптар (ККТМ - кросс-жорық).

Сайыс туристік дағдыларды, табиғи кедергілерді өтуде техникалық және тактикалық әдістерді, жергілікті жерге бағдарлау және топографиялық элементтерді қамтитын туристік жорық ретінде өткізіледі.

Өлкетану бақылау-туристік жол бағдары сайысында келесі дистанциялар бойынша өтіледі: жергілікті жерге бағдарлау, табиғи кедергілерді өту, ботаникалық кезең, зоологиялық кезең, топографиялық кезең. Барлық ара қашықтықтардан өтуде қатысушылар өзінің құрал жабдықтарын пайдаланады. Әрбір ара қашықтықтарда командалар өз бетінше сақтандыру әрекеттерін ұйымдастырады.

Сайысқа төрелік етуді Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы директорының бұйрығымен бекітілген тізім бойынша төрешілер алқасы жүзеге асырады.

Соревнования проводятся в соответствии с «Правилами соревнований по туристскому многоборью 2009-2012 гг.», настоящими Правилами, Условиями соревнований и таблицей штрафов, утвержденными ГСК.

Слетте төрешілік ету жұмыстары 2009-2012 жылдарға арналған туристік көпсайыс бойынша жарыс ережелеріне, осы ережелерге және төрешілер алқасы бекіткен жарыс шарттары мен айыппұл кестесіне сәйкес жүргізіледі.

26. Экспедиция жылнамасын дайындауға қойылатын талаптар

Әрбір экспедициялық топ А3 форматтағы 2 парақтан тұратын жылнаманы көркем безендіруі тиіс. Парақтың алғашқы бетінде экспедицияның тақырыбы, экспедициялық топ туралы ақпарат, топтың тізімі, зерттеу жұмысының тақырыбы мен нәтижесі көрсетіледі. Екінші парақта зерттеу нысандары мен жол бағдарының картасы көрсетілуі тиіс.

6. Нәтижелерді анықтау және марапаттау

27. Төрешілер алқасы байқаулар және сайыстар нәтижесі бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

28. Жеңімпаздар I, II, III деңгейлік дипломдар және естелік сыйлықтармен марапатталады.

29. Слет жеңімпаздарын дайындаған педагогтер алғыс хаттармен марапатталады, барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

7. Қаржыландыру

30. Слеттің өңірлік кезеңдерін білім беру басқармалары жергілікті атқарушы органдардың есебінен қаржыландырады.

31. Топ жетекшілері мен қатысушылардың жолақысы, жолдағы тамағын және құрал-жабдықтарын жіберуші жақ қамтамасыз етеді.

32. Республикалық слетті ұйымдастыру және өткізу, қатысушылардың жататын орнын және тамақпен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қаржысының есебінен жүзеге асырылады.

Ережеге қосымша

1. 2014 жылғы туристік экспедициялық топтың қызметі туралы мәлімет

Жасақтың аталуы _____

Қатысушылар саны _____

Қатысушылардың жасы _____

Жетекші _____

Экспедицияның жүргізілу орны, зерттеу жол бағдары

Экспедицияның мақсаты мен міндеттері

Экспедицияның нәтижесі

Мәліметке қосымша ретінде фотоматериалдар беріледі:
фотосуреттен кем болмауы тиіс.